

А.А. Абаев

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: aidos_men@mail.ru)*

Ұйымдастырушылық әлеует ауылдық аумақтардың дамуын басқарудың құралы ретінде

Мақалада ауылдық аумақтардың тұрақты жұмыс істеуін ұйымдық басқару ерекшеліктері қарастырылған, себебі олар ұйымдастырушылық әлеует арқылы нарықтық талаптарға сәйкес бола алады. Ұйымдастырушылық әлеует құрылымдарын қалыптастыруды зерттеуге басты назар аударылған: бірқалыпты және өзгермелі тәсілдемелер. Автор «ұйымдастырушылық әлеует» ұғымының түрлі түсіндірмелерін талдады. Мақалада ұйымдық әлеует тұжырымдамасы құндылықтар жүйесін, персоналды, құрылымды, ақпаратты, үдерістерді, рәсімдемелерді қамтитыны баяндалған. Сондай-ақ ұйымдық әлеуеттің қызметтерін топтастырып жүйелеген: құрылымдық, интеграциялық, тұрақтылық, коммуникативтік, бейімдеу және дамыту. Агроөнеркәсіптік аумақтардағы әлеуетті өсіру үшін қолданылатын салада қалыптасқан негізгі факторлар сипатталған. Мақалада агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы заңға сәйкес ұйымдастыру қағидағдары қарастырылған. Автор ауылдық жерлердегі ұйымдастыру әлеуетінің негізі болып табылатын ресурстардың жиынтығын (қаржылық, жер, табиғи, еңбек, ақпарат) анықтаған. Мақалада ауылдағы тұрақты даму әлеуетінің бөліктері анықталған: қаржылық, өндірістік, еңбек және ақпараттық әлеует. 2017–2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасының ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудағы рөлі анықталған. Авторлар ауылдық аумақтардағы ұйымдастыру әлеуетін дамыту бойынша бірқатар ұсыныстар берген.

Кілт сөздер: ұйымдастырушылық әлеует, ауылдық аумақтар, қаржылық әлеует, өндірістік әлеует, еңбек әлеуеті, ақпараттық әлеует.

Қазіргі кезде бизнес-ортадағы белгісіздіктің өсу жағдайында ауылдық аумақтардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Шығынды азайту арқылы табыстарды ұлғайтудың дәстүрлі тәсілі әрдайым қалаған нәтиже бермейді, себебі бәсекелестік ортада агроөнеркәсіптік кәсіпорындардың шығындарын белгілі бір деңгейден төмендету басты мәселе болып табылады. Осылайша, ауылшаруашылық кәсіпорындарының табыстылығы әртүрлі қызмет түрлерін, оларды жасау рәсімдері мен технологияларын пайдалануды талап ететін персоналмен жұмысын өзгерту, қызмет көрсетуді ұсыну, тауарларды сату мен қызметтерді ұсыну аумағын кеңейту, өнімнің алуан түрлігін кеңейту немесе тұрақты түрде жаңартып отыру есебінен кірістердің артуымен қамтамасыз етіледі. Сонымен, ауылдық аумақтардың тұрақты жұмыс істеуі ұйымдастырушылық басқару арқылы жүзеге асырылады, ол олардың ұйымдастырушылық қабілеті арқылы нарық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Дегенмен, өздігінен ұйымдастырушылық шешімдер бірқатар кемшіліктерге ие болуы мүмкін, олардың қатарына іс-әрекеттердің бірыңғай бағыты болмауы және тепе-теңсіздігі, олардың бизнес-ахуалдың жай-күйіне сәйкес келмеуі, ұйымдасқан табиғаттың пайдаланылмаған жасырын қорының болуы жатады.

1970-жылдардың басында белгілі теоретикалық және стратегиялық жоспарлау мен басқарудың тәжірибеші, ресейлік тектегі американдық ғалым Игорь Ансофф ұйымдық басқару құрылымдары саласында бірқатар жаңа ойларды ұсынды, қазіргі уақытта оларды ұйымдық әлеует теориясы ретінде түсіндіруге болады.

Ол ұйымдық құрылымдарды қалыптастырудың екі негізгі тәсілдемесін ұсынды. Бірінші (бірқалыпты) көзқарас ұйымның ішкі құрылымын оңтайландыруға арналады, екінші (өзгермелі) көзқарас ұйымның сыртқы орта мен ресурстық көздермен қарым-қатынастарын талдауға бағытталған. Өзгермелі тәсілдеме кезінде ұйым тұрақты сыртқы қатынастар жағдайында да, өзгермелі сыртқы орта жағдайында да қарастырылады [1].

Стратегиялық басқару тұжырымдамасын әзірлеу кезінде ұйымдастырушылық әлеуеттің мәні де өзгереді. Қазіргі авторлар осы тұжырымдаманың түрлі түсіндірмелерін береді:

- уақыт пен кеңістікте жиынтық әлеуеттің элементтерін орналастыру тәртібі [2];
- еңбек және өндірісті ұйымдастыру жүйесі [3];

– кәсіпорынның әлеуетті мүмкіндіктерінің көзі жұмыста кәсіпорынның негізгі қызметін жүзеге асырады, жалпы және жеке мақсаттарға қолжеткізеді, міндеттерін шешеді [4];

– ұйымның барлық өзара байланысқан және өзара қамтылатын ресурстарын тандалған стратегияға толық сәйкес келтіру мүмкіндігі [5];

– ұйымда бағытталған өзгеріс арқылы қалпына келтірілген қорлар [6].

Бұл анықтамалар ұйымдық әлеуеттің нақты аспектілерін ғана көрсетеді және оның табиғатын толық ашуға мүмкіндік бермейді.

Е.Ю. Кокарева ұйымдастырушылық әлеует құрамына заңды түрде басқарушылық әлеует пен ұйымдастырушылық ахуалды енгізеді, бұл өз кезегінде басқару жүйесін, жеке көшбасшылық қабілеттілігін, ақпараттық жүйені, коммуникациялық байланыстарды және ұйымдастырушылық мәдениетті қамтиды [7].

М.В. Смирнова ұйымдастырушылық әлеуеттің құрамына басқару әлеуетін, ұйымдастырушылық мәдениет әлеуетін ғана енгізбейді, сонымен қатар компанияның және оның қызметкерлерінің негізгі біліктілігін, қызметкерлердің инновациялық әлеуетін, жалпы, инновациялық әлеуетті және кәсіпорынның инновациялық деңгейін басқару әлеуетінде енгізеді [8].

Ұйымдастырушылық әлеует — ұйымды құрайтын өзара байланысты элементтердің күрделі жиынтығы. Ұйымдастырушылық әлеует ұғымы құндылықтар жүйесін, қызметкерлерді, құрылымды, ақпаратты, үдерістерді, рәсімдеулерді қамтиды. Тандалған стратегияға сәйкес ұйымдық әлеуетті өзгерту қызметкерлермен, ең алдымен, ұйым басшылығымен басталады. Сонда құндылық жүйесі өзгереді, рәсімдемелер қайта ұйымдастырылады, үдерістер оңтайландырылады.

Сонымен, ұйымдастырушылық әлеуеттің теориясы сыртқы ортаны өзгерту ұйымның стратегиясының өзгеруіне әкеліп соқтырады, стратегияны өзгерту, өз кезегінде, ұйымдастырушылық әлеуеттің өзгеруіне әкеп соғады және ұйымдастырушылық әлеуетті өзгерту ұйымдық құрылымда барабар өзгерістерге әкеледі.

Көптеген ғалымдар ұйымдастырушылық әлеуеттің келесі қызметтерін ұсынады: құрылымдық, интеграциялық, тұрақтылық, коммуникативтік, бейімделу және дамыту (1-сур.).



1-сурет. Ұйымдастырушылық әлеуетінің қызметтерінің құрылымы (автормен [2, 3, 9] мәліметтері негізінде әзірленген)

Ұйымдастырушылық әлеуетті басқару іскерлік ортаға ықпалын ескере отырып, оның жұмыс істеуі мен даму заңдарына негізделуі керек.

Ұйымдастырушылық әлеуетінің жұмыс істеуі өндіріспен айналысатын ресурстармен өзара әрекеттесу үдерісі болып табылады, нәтижесінде материалдық және материалдық емес сипаттағы тауарлық және шикізаттық емес өнімдер пайда болады.

И.Ю. Солдатова пікірінше, агроөнеркәсіптік саладағы өнеркәсіпте қолжетімді әлеуетті толық пайдалануды анықтайтын негізгі факторларға мыналар жатады [10]:

– жаңғырту, инновациялық даму моделіне көшу, ғылым мен техникадағы заманауи жетістіктерді жедел меңгеру, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің ресурстық қарқындылығын төмендетуге мүмкіндік береді;

– озық технологияларды меңгеруге қабілетті ауылдың кадрлық әлеуетін қалыптастыру;

– ауыл шаруашылық өндірісін ұлғайту, сондай-ақ экспорттық ресурстарды қалыптастыру, ауылдық жерлерді толығымен дамыту мақсатында пайдаланылмаған ауыл шаруашылық жерлерін, соның ішінде егістік алқаптарды ұстау;

– ауыл тұрғындарын тиімді жұмыспен қамтуға бағытталған агроөнеркәсіптік өндірісті әртараптандыру;

– ауыл шаруашылығын кеңейтуге жағдай жасау, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін халықтың еңбекақысы деңгейін ауыл шаруашылығында орташа құны бар ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің табыстылығын арттыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығының еңбек беделінің артуы;

– өндірістік және өндірістік емес инфрақұрылымды дамыту, жерді және өнеркәсіптің басқа ресурстарын молайту.

Ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен айналысатын ауылшаруашылық кәсіпорындары үшін басты міндет — ресурстарды есепке алу, өндірістік мүмкіндіктерінің балансын, олардың ағымдағы және болашақтағы сұранысын анықтау.

Бұл тәсілдеме нарықтық ортадағы ішкі өндіріс мүмкіндіктерін және жағдайды ескереді, қажет болмаған ресурстарды уақтылы жоюға мүмкіндік береді, егер олардың пайдаланылу деңгейі азайса, нарық талап ететін қажетті ресурстарды сақтайды және көбейтеді.

Ресурстық әлеуетінің оңтайлы деңгейін бағалау мыналарға: зерттелетін кәсіпорынның ресурстық әлеуетінің нақты деңгейіне; компанияның ресурстық әлеуетінің тұрақтандыру және өсуінің анықталған қорларын ескере отырып, тұрақты жұмыс істеуге арналған әлеуетіне; тұрақсыз экономикалық ортада одан әрі пайдалануына мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңына мынадай ұйымдастырушылық қағидаттар қарастырылған [11]:

1) экономикалық өсу әлеуеті бар агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытудың басымдығы;

2) ауыл шаруашылығы жөніндегі халықаралық келісімдердің талаптарына, санитариялық және фитосанитариялық нормаларға сәйкестік;

3) мемлекет жүзеге асыратын іс-шаралардың ашықтығы;

4) мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің атаулылығы;

5) отандық агроөнеркәсіптік өндірістің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту;

6) ішкі нарықтың жосықсыз бәсекеден қорғалуы;

7) мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату;

8) агроөнеркәсіптік кешен қызметінің және тұрғындардың ауылдық елді мекендерде тұруының экологиялық қауіпсіздігі;


9) кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерімен, қауымдастықтарымен (одақтарымен) өзара іс-қимылы;

10) мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігі;

11) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік қолдаудың жыл сайынғы қажетті көлемін қамтамасыз ету;

12) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің өзара іс-қимылының оңтайлы нысандарын дамыту.

Біздің ойымызша, ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудың әлеуетін жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды, табиғи жағдайларды, ауыл еңбекшілерін, қолжетімді техникалық құралдарды және қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды құруды қамтамасыз ететін ұйымдастыру ресурстары ғана емес, сонымен бірге ұйымдастырушылық және экономикалық мүмкіндіктер ретінде қарастыру керек. Сонымен бірге оның құрамдас бөлігі ретінде жер және табиғи ресурстар, еңбек ресурстары, ұйымдастырушылық және экономикалық әлеует болып табылады, оның маңызды құрамдас бөлігі ақпараттық әлеует болып келеді (2-сур.).



2-сурет. Ауылдық аумақтардың ұйымдастырушылық әлеуетінің жүргізілуі
(автормен [9, 12] мәліметтері негізінде әзірленген)

Қаржылық әлеует — ауылдық жерлердің жалпы әлеуетінің негізгі элементтерінің бірі. Оны есептеу үшін ауылдық аумақтардың қаржылық жағдайын толық көрсете алатын мынадай көрсеткіштер пайдаланылады: жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар; инвестициялардың нақты көлемінің индексі; сыртқы сауда айналымы; ауыл шаруашылығына шетелдік инвестициялар; салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы мәліметтер; сатылған тауарлардың, жұмыстарды, қызметтердің табыстылығы.

Ауылдық жерлердегі қаржы әлеуеті ауылдың қаржы жүйесінің ұзақмерзімді келешегінде қолда бар ресурстардың жиынтығы есебінен өсу мен дамуды қамтамасыз ету қабілеті ретінде анықталуы мүмкін деп есептейміз. Бұл жағдайда мыналарды ескерген жөн:

- ауылдық аумақтардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін жеке қаржыландыру көздерінің болуы;
- ақылы және ақысыз негізде қажетті көлемде қолайлы негізде сыртқы қаржылық ресурстарды тарту мүмкіндігі;
- тартылатын ресурстардың тәуекелдігін қолайлы деңгейінде қалыптастыру;
- ауылды қаржыландыруды тиімді басқаруды қамтамасыз ететін арнайы қаржылық институттардың болуы.

Өндірістік әлеует — ауылдық аумақтардағы шаруашылық субъектілердің қолда бар техника мен технологияларды қолдану негізінде, өндірісті ұйымдастырудың озық нысандары мен өндіріс ресурстарын барынша тиімді пайдалану арқылы өндірістің барынша мүмкін нәтижесін алуға қатысты туындайтын экономикалық қатынастар жүйесі.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жер қатынастарын жетілдіру және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану, олардың деградациясын болдырмау мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады [13]:

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 33 млн гектар алаңында топырақтық іздестірулер жүргізу;
- жайылымдық алқаптардың 33 млн гектар алаңында геботаникалық іздестірулер жүргізу;
- 30 млн гектар алаңдағы ауыл шаруашылығы жерлерінде топырақ бонитетін анықтау бойынша жұмыстар жүргізу;
- қалалар мен ауылдық елді мекендер жерлеріндегі 1175 есептік орамға арналған электрондық жер-кадастрлық карталар дайындау;
- 66 млн гектар алаңда электрондық топырақтық және геоботаникалық карталар дайындау;

– суаратын су көзінен түпкілікті АШТӨ-нің су бөлгіші шекарасына дейінгі тұрақты суарылатын жерлерге арналған ирригациялық және дренажды жүйені мемлекеттік, сол сияқты жеке бірыңғай теңгерім ұстаушыларға беру;

– тұрақты суарылатын жерлерді қалпына келтіру үшін су шаруашылығы құрылыстарын республикалық меншікке беру;

– су шығынын төмендету мақсатында тұрақты және көлтабандап суарылатын жерлер жүйесінің су шаруашылығы инфрақұрылымын, оның ішінде қазіргі заманғы технологияларды қолдану жолымен қалпына келтіру және реконструкциялау. Сондай-ақ жерлерді су және жел эрозиясынан қорғау, микроклимат қалыптастыру, топырақтың құнарлылығын жақсарту, қар және ылғал ұстап тұру мақсатында ағаш-бұта екпелер отырғызу жөнінде шаралар әзірленетін болады.

Ауылдық еңбек әлеуеті — нақты ауылдық аумақтардағы халықтың жеке қасиеттерін, зияткерлік және әлеуметтік сипаттамаларын және аумақтың тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы экономиканың сипатына сәйкес жақсартуға қабілеттілігін үйлестіру.

Халықтың жұмыспен толық қамтылудағы ынталандыру ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді, қалалық жерлерді еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді, жаңа аумақтарды игеруге, мәдениаралық байланыстардың нығайуына әсер етеді. Ауылдық аумақтарда еңбек нарығында бос орындар кездеседі, бірақ аталған жұмыс орындар сұранысқа ие емес. Сәйкесінше ауылдық қызметкерді ынталандырудың әртүрлі себептері бар. Олардың қатарына: жұмыскерлерді жоғары жалақымен қамтамасыз ету, яғни, басқа экономиканың салаларына қарағанда, ауылдық жерлерде жалақы төмен екенін баршамызға мәлім. Ауылдық жерлерде халықты жұмыспен қамтуда ауыл шаруашылық өндірісі маңызды орын алады, сонымен қатар табиғи климаттық жағдайлар және өндіріс дамуының деңгейі де қатарлас қарастырылады. Бұл ретте ең басты жағдай еңбек табыстылығы мен еңбек әлеуетінің сапасына байланысты. Аталған факторлар нақты ауылдық аумақтардағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды қалыптастыруда ерекше орын алады. Нақты секторлар бойынша салалардың тұрақты дамуы аумақтарда қосымша жұмыс орындарын ашады, ауыл халқын жұмыспен және табыс түрлерімен қамтиды [14].

Мұндай құрамы мен оның құрамдас бөліктерінде ауылдық аумақтардың әлеуеті олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады. Ауылдық аумақтық ресурстық базамыздағы біздің бағалауымыздың басқа көзқарастардан айырмашылығы табиғи ресурстардың қолжетімділігі мен үйлесімділігін ғана емес, сонымен қатар еңбек, материалдық-техникалық және ақпараттық әлеуетті ескеретін кешенді тәсіл болып табылады. Қазіргі уақытта ақпараттық әлеует ақпараттық және ақпараттық желілерге қолжетімділік негізінде құрылған ақпараттық ресурс ретінде ауылдық аумақтардың басты ресурсы ретінде қалыптасады.

Ауылдық аумақтардың экономикалық өсуінің мүмкіндіктері мен тұрақты дамыту келешегі өндірістің және бюджет шығыстарының тиімділігін айтарлықтай жақсартатын бағдарламалық-мақсатты басқару механизмдерін қолдану негізінде анықталады. Сондықтанда ауылдық аумақтарда ұйымдастырушылық әлеуетті құрал ретінде қолдану мынадай бағыттарды қамтуы керек:

– ауылдық аумақтардағы табиғи, демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, жеке және басқа әлеуетті ескеру қажет. Мұндай жағдайларда ауылдық аумақтарды дамытудың екі жағы бар: салалық тәсіл, ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік қолдауына негізделген; аумақтық тәсіл, ауылдық аумақтарды кешенді дамытуды көздейді;

– ауылдық аумақтардағы барлық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру, жергілікті бюджеттерді толықтыру және әлеуметтік даму мәселелерін шешу үшін барлық шаруашылық субъектілерінің өзара іс-қимылын дамыту қажет. Тек қана қызметтің әртүрлі түрлерін үйлестіру негізінде ауылдық аумақтарда жобаларды бірлесіп инвестициялау, аумақтың ресурстарын пайдалану, өндірістегі өзара іс-қимыл, өнімдерді қолайлы сату жағдайлары жасалатын болады;

– аумақтың еңбек әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру үшін кәсіпкерлер мен фермерлерді ұйымдасқан еңбек нарығына тарту қажет. Ол үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндіріске мақсатты түрде мамандарды дайындау бағыттарын белсендіруі тиіс;

– ауыл тұрғындары кәсіпкерлік қызметке, өзін-өзі жұмыспен қамтуға, аумақтың мәселелерін шешуге белсене араласуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ансофф И. Стратегическое управление / И. Ансофф. — М.: Экономика, 1989. — 519 с.
- 2 Павлова А.В. Организационный потенциал в управлении деятельностью фирмы / А.В. Павлова. — Казань: Казанский гос. ун-т им. В.И. Ульянова-Ленина, 2003. — 135 с.
- 3 Жигунова О.А. Теория и методология анализа и прогнозирования экономического потенциала предприятия: монография / О.А. Жигунова. — М.: ИД «Финансы и Кредит», 2010. — 140 с.
- 4 Лосев В.С. Методические положения оценки ресурсного потенциала газораспределительного предприятия / В.С. Лосев, Е.А. Бабурин // Российское предпринимательство. — 2012. — Т. 13. — № 13. — С. 100–104.
- 5 Федорова Н.Н. Организационная структура и система контроллинга на предприятии / Н.Н. Федорова, В.В. Золотов // Консультант директора. — 2003. — № 3. — С. 8–15.
- 6 Simon H.A. Organizations and Markets? / H.A. Simon // Journal of Economic Perspectives. — 1991. — No. 5. — P. 84–113.
- 7 Кокарева Е.Ю. Формирование и использование организационного потенциала в антикризисном управлении предприятием: автореф. дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05 – «Экономика и управление народным хозяйством» / Е.Ю. Кокарева. — Тюмень, 2002. — 23 с.
- 8 Смирнова М.В. Организационный потенциал промышленного предприятия и методы его оценки с целью повышения качества менеджмента: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05 – «Экономика и управление народным хозяйством» / М.В. Смирнова. — СПб., 2006. — 25 с.
- 9 Третьякова Е.П. Организационный потенциал как средство управления устойчивым функционированием производственных организаций / Е.П. Третьякова, М.С. Кувшинов // Вестн. Южно-Уральского гос. ун-та. Сер. Экономика и менеджмент. — 2017. — Т. 11. — № 3. — С. 126–134.
- 10 Солдатова И.Ю. Эффективность использования социально-экономического потенциала для устойчивого развития сельских территорий / И.Ю. Солдатова // Государственное и муниципальное управление. — 2015. — № 2. — С. 66–71.
- 11 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066>.
- 12 Шумакова О.В. Теоретические аспекты устойчивого развития сельских территорий в современной науке / О.В. Шумакова // Современные проблемы науки и образования. — 2013. — № 6. — С. 1–8.
- 13 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығы // [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000894>.
- 14 Абаев А.А. Ауылдық аумақтардың дамуындағы еңбек ресурстарының рөлі / А.А. Абаев // Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика сер. — 2017. — № 1. — 70–76-б.

А.А. Абаев

Организационный потенциал как средство управления развитием сельских территорий

В статье рассмотрены особенности организационного управления устойчивым функционированием сельских территорий, которые обеспечивают соответствие их требованиям рынка за счет организационного потенциала. Основное внимание уделено исследованию формирования организационных структур потенциала: статический и динамический подходы. Автор проанализированы различные трактовки понятия «организационный потенциал». В статье отмечено, что в понятие организационного потенциала входит система ценностей, персонал, структура, информация, процессы, процедуры. Автор статьи систематизированы функции организационного потенциала: структурирующая, интегрирующая, стабилизирующая, коммуникативная, адаптационная и развивающая. Охарактеризованы основные факторы, которые определяют использование имеющегося в отрасли потенциала на сельскохозяйственных территориях. Рассмотрены организационные принципы в соответствии с законом о государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий. Определены совокупность ресурсов (финансовые, земельные, природные, трудовые, информационные), которые являются основой функционирования организационного потенциала сельских территорий. В статье определены составляющие потенциала устойчивого развития сельских территорий: финансовый потенциал, производственный, трудовой и информационный потенциал. Определена роль Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017–2021 гг. в устойчивом развитии сельских территорий. Автором предложен ряд рекомендаций по развитию организационного потенциала сельских территорий.

Ключевые слова: организационный потенциал, сельские территории, финансовый потенциал, производственный потенциал, трудовой потенциал, информационный потенциал.

Organizational potential as a means of managing the development of rural areas

The article considers the features of organizational management of sustainable functioning of rural territories, which ensure their compliance with market requirements due to organizational capacity. The main attention is paid to the study of the formation of organizational capacity structures: static and dynamic approaches. The author analyzes various interpretations of the concept of "organizational potential". The article notes that the concept of organizational capacity includes a system of values, personnel, structure, information, processes, procedures. The author of the article systemizes the functions of the organizational potential: structuring, integrating, stabilizing, communicative, adaptive and developing. The main factors that determine the use of the potential in the industry in agricultural areas are described. The article considers organizational principles in accordance with the law on state regulation of the development of the agro-industrial complex and rural areas. The author defines a set of resources (financial, land, natural, labor, information), which are the basis for the functioning of the organizational potential of rural areas. The article defines the components of sustainable development potential in rural areas: financial potential, production potential, labor potential and information potential. The role of the State Program for the Development of the Agro-Industrial Complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 in the sustainable development of rural areas is defined. The author offers a number of recommendations on the development of the organizational potential of rural areas.

Keywords: organizational potential, rural areas, financial potential, production potential, labor potential and information potential.

References

- 1 Ansoff, I. (1989). *Stratezhicheskoe upravlenie [Strategic management]*. Moscow: Ekonomika [in Russian].
- 2 Pavlova, A.V. (2003). *Orhanizatsionnyi potentsial v upravlenii deiatelnosti firmy [Organizational potential in the management of the firm]*. Kazan: Kazanskii gosudarstvennyi universitet imeni V.I. Ulianova-Lenina [in Russian].
- 3 Zhigunova, O.A. (2010). *Teoriia i metodolohiia analiza i prognozirovaniia ekonomicheskogo potentsiala predpriiatiia [Theory and methodology of analysis and forecasting of the enterprise's economic potential]*. Moscow: ID «Finansy i Kredit» [in Russian].
- 4 Losev, V.S., & Baburin, E.A. (2012). *Metodicheskie polozeniia otsenki resursnogo potentsiala hazoraspredelitelnoho predpriiatiia [Methodical provisions for assessing the resource potential of a gas distribution company]*. *Rossiiskoe predprinimatelstvo – Russian Entrepreneurship*, Vol. 13, 13, 100–104 [in Russian].
- 5 Fedorova, N.N., & Zolotov, V.V. (2003). *Orhanizatsionnaia struktura i sistema kontroli na predpriatii [Organizational structure and controlling system in the enterprise]*. *Konsultant direktora – Consultant Director*, 3, 8–15 [in Russian].
- 6 Simon, H.A. (1991). *Organizations and Markets? Journal of Economic Perspectives*, 5, 84–113.
- 7 Kokareva, E.Ju. (2002). *Formirovanie i ispolzovanie orhanizatsionnogo potentsiala v antikrizisnom upravlenii predpriatiem [Formation and use of organizational potential in the anti-crisis management of the enterprise]*. *Extended abstract of candidate's thesis*. Tyumen [in Russian].
- 8 Smirnova, M.V. (2006). *Orhanizatsionnyi potentsial promyshlennogo predpriiatiia i metody eho otsenki s tseliu povysheniia kachestva menedzhmenta [Organizational potential of an industrial enterprise and methods for its evaluation with the aim of improving the quality of management]*. *Candidate's thesis*. Saint Petersburg [in Russian].
- 9 Tret'jakova, E.P., & Kuvshinov, M.S. (2017). *Orhanizatsionnyi potentsial kak sredstvo upravleniia ustoichivym funktsionirovaniem proizvodstvennykh orhanizatsii [Organizational potential as a means of managing the sustainable functioning of production organizations]*. *Vestnik Yuzhno-Uralskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya ekonomika i menedzhment – Bulletin of the South Ural State University. Series Economics and Management*, Vol. 11, 3, 126–134 [in Russian].
- 10 Soldatova, I.Ju. (2015). *Effektivnost ispolzovaniia sotsialno-ekonomicheskogo potentsiala dlia ustoichivogo razvitiia selskikh territorii [Efficiency of using social and economic potential for sustainable development of rural areas]*. *Hosudarstvennoe i munitsipalnoe upravlenie – State and municipal government*, 2, 66–71 [in Russian].
- 11 *Ahroonerkasiptik keshendi zhane auylдыk aumaktardy damytudy memlekettik retteu turaly Kazakstan Respublikasynyn 2005 zhylyhy 8 shildedehi N 66 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 8, 2005 No. 66 About State Regulation of Agribusiness Development and Rural Areas Development]*. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066> [in Kazakh].
- 12 Shumakova, O.V. (2013). *Teoreticheskie aspekty ustoichivogo razvitiia selskikh territorii v sovremennoi nauke [Theoretical aspects of sustainable development of rural areas in modern science]*. *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia – Modern problems of science and education*, 6, 1–8 [in Russian].
- 13 *Kazakstan Respublikasynyn ahroonerkasiptik keshenin damytudyn 2017–2021 zhyldarha arnalhan memlekettik bahdarlamasy. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2017 zhylyhy 14 akpandahy № 420 Zharlyhy [State program of development of agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 420 of February 14, 2017]*. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000894> [in Kazakh].
- 14 Abayev, A.A. (2017). *Auylдыk aumaktardyn damuyndahy enbek resurstarynyn roli [Role of labor resources in the development of rural areas]*. *Karahandy universitetinin zharshysy. Ekonomika seriyasy – Bulletin of Karaganda University. Economics series*, 1, 70–76 [in Kazakh].